ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

***«Рухани жаңғыру»***

бағдарламасы аясында өткізілген

**Тақырыбы:** «Білім күні»

***«Айгөлек»*** ересек тобы

**Өткізген**: Амангожина Асем Адилжановна

2023 – 2024 оқу жылы

**Тақырыбы:** «1 Қыркүйек - білім күні!»
**Мақсаты:**
- 1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру;
- Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру;
- Сахналық мәдениетін қалыптастыру; Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

*«Әнұран» орындалады.*
Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудың үні қандай?!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдықта асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады.

**Жүргізуші:** Қош келдіңіздер, құрметті ата — аналар, балалар, барша қонақтар! Бүгін — 1 қыркүйек – Білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Білім бастауы – балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән: ***«Балабақшам»***
Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты тақпақтарын тыңдап көріңіздер.

**Білім керек бәріне**

Медина
Мұхиттарды жалғасам
Таңдандырар бар елді.
Ғажап үйлер сала алсам
Жасартатын әжемді.

Шахкерім
Дәрі де ойлап таба алсам….
Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің

Мая
Керек екен бәріне!
Оқу, білім, тәрбие
Ой-санама екенің
Балабақшам – айтар әнім

Мұстафа
Сан рет қайталадым
Балабақша – анамыз
Оқып білім аламыз
Өнерпаз боп өсетін

Би: «Учать в школе»
Көңілді музыкамен Жалқаубек келеді.
**Жалқаубек:** О, мұнда балалар көп екен! Жақсы болды! Неге сонша сықиып киініп алғансыңдар?
**Балалар:** Бүгін – білім күні ғой! Үлкен мереке! Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.
**Жалқаубек:** Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не? Балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр, мына сөмкемнің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтары араласып кетіпті, соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?

**Ойын: Кім жылдам?**

*Шарты*: Оқу құралдарын бөлек, ойыншықтарды бөлек жинау,
*Жүргізуші:* Жарайсыңдар! Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.

**Əн: «Бақытты балалық»**

Жүргізуші: Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау – жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2023-2024 оқу жылының қоңырауын қағуды кішкентай бүлдіршініміз ұсынамыз!
**Алғашқы қоңырау соғу салтанаты.**







